

## Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 қарашада № 17699 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 28 қарашадағы № 91 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 28.11.2022 № 91 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2023 жылғы 1 қаңтардан бұрын емес қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2021 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бақылау субъектілерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы бойынша кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бақылау субъектілерінің бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарлама қабылдау тәртібін сақтауы бойынша кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бақылау субъектілерінің мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы бойынша кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. "Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 13742 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі*

*Т. Сүлейменов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 49 бұйрығына  
1-қосымша

**Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес тексерулер мен бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында әзірленді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету кезінде құқық бұзушылықтар жасаудың себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2021 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел - бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі - бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бір бақылау субъектісі қызметінің

нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) бақылау субъектілері - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды, лицензиялауды немесе өзге де рұқсат құжаттарын беруді, кәсіпкерлік қызметті немесе өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және олардың аумақтық бөлімшелері (бар болса), сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсетуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және олардың аумақтық бөлімшелері (бар болса), заңды тұлғалар, оның ішінде олардың филиалдары мен өкілдіктері;

б) өрескел бұзушылықтар - жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілген тексерулер мен профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың ең көп санына, бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруден бас тартудың ең көп санына байланысты, сондай-ақ мемлекеттік қолдау алу үшін мақұлданған өтініштердің санына арақатынаста мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудан бас тартудың ең көп санына байланысты талаптарды бұзушылықтар;

7) елеулі бұзушылықтар - жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырмайтын және өрескел және болмашы бұзушылықтарға жатпайтын талаптарды бұзушылықтар;

8) болмашы бұзушылықтар - жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырмайтын және жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін елеулі қолайсыз салдардың туындауын болдырмайтын талаптарды бұзушылықтар;

9) тексеру парағы - бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін айқындау жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу ықтималдығына байланысты жүзеге асырылады.

4. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізу кезінде бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесі (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) бойынша бөлінеді.

5. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу объективті және субъективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу тәсілдері**

6. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

### **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылаудың ерекшелігі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес пайыздық арақатынаста өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шағын және орта бизнестің жұмыс істеп тұрған субъектілері саны өсімінің ең аз көрсеткіші бар екі өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) бақылау субъектілерін іріктеу жүргізіледі.

Бұл ретте соңғы үш жылда бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылған өңірлердегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бақылау субъектілері іріктеуге жатпайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Объективті өлшемшарттар бойынша іріктелген өңірлерде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада):

1) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асырудың бірыңғай қағидаттарын белгілеуге, сондай-ақ өздеріне қатысты мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған Кодекстің 138, 139-баптарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын барлық бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2021 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Объективті өлшемшарттар бойынша Заңға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын іріктелген өңірлердегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Тәуекел айқындалғаннан кейін бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесі (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) бойынша бөлінеді.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## **2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

11. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне қатысты шоғырландыруға мүмкіндік береді.

13. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) сұрау салу бойынша уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

3) алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері пайдаланылады, бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі тексеру парақтарында көрсетілген талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді.

14. Субъективті өлшемшарттар бойынша іріктелген өңірлерде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) талдаудың алдындағы жартыжылдықта мыналардың:

1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында жүргізілген тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың;

2) бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруден бас тартулардың;

3) мемлекеттік қолдау алуға мақұлданған өтініштердің санына арақатынаста мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудан бас тартулардың ең көп саны болған бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

16. Талданатын кезеңде бақылау субъектілерін іріктеу кезінде бұрын есепке алынған және алдыңғы талданатын кезеңде пайдаланылған бақылау және қадағалау салалары, бірінші және екінші санаттағы рұқсаттар ескерілмейді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері не заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, тәуекел дәрежесін бағалау жүйесінің субъективті өлшемшарттары бойынша іс-шаралар аумақтық бөлімшелерге, әрбір бақылау субъектісінің заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты қолданылады.

18. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бұзушылықтар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы. Өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтардың тізбесі Өлшемшарттарға қосымшада көрсетілген.

19. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы негізге алына отырып, Өлшемшарттардың 24-тармағына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі:

1) 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілген кезде - жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) 0-ден бастап 60-ты қоса алғанға дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмеген кезде - жоғары дәрежеге жатқызылмаған тәуекел дәрежесіне жатады.

20. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

21. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын, бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

22. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің ең үлкен көрсеткіштері бар бақылау субъектілерінің басымдықтары ескеріле отырып жасалады.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

23. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізілгеннен кейін бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесі (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) бойынша бөлінеді.

Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 деген көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұндағы:

SP<sub>3</sub> - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;



SP2 - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP2 \times 100 / SP1) \times 0,3,$$

мұндағы:

SP<sub>H</sub> - болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 - болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 - анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұндағы:

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>H</sub> - болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

#### **4-тарау. Тексерулер мен бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және нәтижелерін ресімдеу тәртібі**

24. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерінің:

1) Кодекстің 138, 139-баптарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

2) Заңға сәйкес бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы саласындағы тексеру парақтарының талаптары тексеруге жатады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Тексеру парақтары бақылау субъектілерінің біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды.

26. "Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындысы бойынша іріктелген өңірлерде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері санының ең аз өсу себептерін, оның ішінде:

1) кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын шамадан тыс талаптарды;

2) жүйелі сипаттағы бұзушылық фактілерін;

3) кәсіпкерлік қызметті реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі қарама-қайшылықтар мен коллизияларды;

4) кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайсыз жағдайларды, кәсіпкерлік бастаманы ынталандыруды анықтау тұрғысынан кешенді талдау жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген талдау ескеріле отырып, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде, сондай-ақ кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету кезінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленеді.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін  
қолдау мен қорғау саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
қосымша

### **Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар**

**Ескерту. Өлшемшарттары жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2021 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№ р/н	Өлшемшарттар	Бұзушылықтар дәрежесі
1	2	3
1. Бақылау және қадағалау субъектілері ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің деректері		
1	Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың ең көп саны	Өрескел
2	Бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруден бас тартудың ең көп саны	Өрескел
2. Уәкілетті органдар мен ұйымдар сұрату бойынша ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Мемлекеттік қолдау алу үшін мақұлданған өтініштердің санына арақатынаста мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудан бас тартудың ең көп саны	Өрескел

3. Алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)

Бақылау субъектілерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы бойынша өлшемшарттар

1	Реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарының болуы	Болмашы
2	Бақылау және қадағалау органының жеке кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын есептілікке , жоспардан тыс тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелеріне, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу үшін өзге де ақпаратқа талдау жүргізуі	Елеулі
3	Реттеуші мемлекеттік орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекіткен және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қатысты актілердің болуы	Болмашы
4	Реттеуші мемлекеттік органның және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында	Елеулі

	орналастырылған жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының болуы	
5	Реттеуші мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық кесте мен жартыжылдық тізім негізінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты ерекше тәртіп бойынша тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу	Өрескел
	<p>Мынадай негіздемелер бойынша нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу :</p> <p>1) тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижесінде тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынымдардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;</p> <p>2) субъект анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты бір реттен көп бермеген және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижесінде тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынымдардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;</p> <p>3) бұзушылықтарды жоймау адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін бұзушылықтардың нақты</p>	

- фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 4) құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) өтініштерін және мемлекеттік органдардың өтініштерін қоспағанда, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 5) құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) өтініштері;
- 6) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені не келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша прокуратура органдарының тапсырмалары;
- 7) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша, сондай-ақ бұзушылықтарды жоймау адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың өтініштері;
- 8) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісі азаматтық-құқықтық қатынастарда болған үшінші тұлғаларға қатысты қарсы тексеру ;
- 9) бақылау және қадағалау субъектісінің бастапқы тексерумен келіспейтіндігі туралы жүгінуіне байланысты қайта тексеру;
- 10) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының

	<p>Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы;</p> <p>11) адамның өміріне, денсаулығына және өмір сүру ортасына қауіп туғызатын, Қазақстан Республикасының х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасы, гигиеналық нормативтер және техникалық регламенттер талаптарының бұзылуы анықталған жағдайларда, өнімді іріктеудің және оның санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасының нәтижелері</p>	
7	<p>Бұзушылықтар тікелей жасалған сәтте олардың жолын кесу қажет болған жағдайда жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілетін жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеруді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды және жоспардан тыс тексеруді ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс уақытында жүргізу</p>	Елеулі
8	<p>Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жыл ішінде ( қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалар мен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізбеу</p>	Елеулі

9	Анонимді өтініштер бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізбеу	Елеулі
10	Нақты бір жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты анықталған, жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз бола алмайтын фактілер мен мән-жайлар бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізу	Елеулі
11	Салық төлеушінің (салық агентінің)өзінің өтініші бойынша, қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсетілген қосылған құн салығынан асып кету сомаларын қайтару туралы талап бойынша, салық төлеушінің қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау жөніндегі салықтық өтініші бойынша, салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымына байланысты жүргізілетін салықтық тексерулерді қоспағанда, бұрын тексерілген кезең үшін жоспардан тыс тексерулер жүргізу	Елеулі
12	Тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы актілер негізінде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу	Өрескел
	Тексеруді тағайындау туралы актіде мынадай ақпаратты көрсету : 1) актінің нөмірі және күні; 2) мемлекеттік органның атауы; 3) тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы; 4) тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер; 5) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе өзіне қатысты тексеруді жүргізу	

тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау және қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі.

Заңды тұлғаның филиалын және (немесе) өкілдігін тексерген жағдайда тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы және тұрған жері көрсетіледі;

6) тағайындалған тексерудің нысанасы;

7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексерілуге жататын нормативтік құқықтық актілер;

9) тексерілетін кезең;

10) бақылау және қадағалау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

11) актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы және мемлекеттік органның мөрі;

12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіде мынадай ақпаратты көрсету: 1) актінің нөмірі және күні;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды



жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер;

5) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе өзіне қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау және қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі.

Заңды тұлғаның филиалын және (немесе) өкілдігін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жағдайында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіде оның атауы және тұрған жері көрсетіледі;

6) тағайындалған бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың нысанасы;

7) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізу мерзімі;

8) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде тексеру парақтарының талаптары;

9) бақылау және қадағалау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

10) актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы және мемлекеттік органның мөрі;

11) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке

	<p>тұлғаның бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолы</p>	
14	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуді жүзеге асыру</p>	Өрескел
15	<p>Тексеруді бастау күні мен тексеру жүргізу нысанын көрсете отырып, тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру жүргізуді бастау туралы бақылау және қадағалау субъектісіне(объектісіне) жазбаша түрде хабарлау</p>	Өрескел
16	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың нысанын көрсете отырып, жоспардан тыс тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жоспардан тыс тексерумен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізуді бастау туралы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) хабарлау</p>	Өрескел
	<p>Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіні</p>	

17	<p>кабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді не бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органының лауазымды адамының тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірген жағдайда тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы және бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) уәкілетті адамы қол қойған хаттаманы жасау</p>	Елеулі
18	<p>Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) және құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға тексерумен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізетін лауазымды адамдардың құрамын ауыстырған жағдайда тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін ауыстыру себебі көрсетілген хабарламаның болуы</p>	Елеулі
	<p>Алдағы жұмыстар көлемін, сондай-ақ алға қойылған міндеттерді ескере отырып, мыналар үшін:</p> <p>1) микрокәсіпкерлік субъектілеріне – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;</p>	

2) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын бақылау және қадағалау субъектілеріне:

жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде – он жұмыс күнінен аспайтын және он жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен аспайтын және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

3) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

4) құрылыс объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау саласында олардың техникалық күрделілігін ескере отырып:

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылатындарға – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылмайтындарға – жұмыс күнінің төрт сағатынан аспайтын және жұмыс күнінің сегіз сағатына дейін ұзартылатын мерзімде тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу

Өрескел

Бақылау және қадағалау органы басшысының (не оның міндетін атқаратын адамның) тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару

20	<p>арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды: 1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде шетелдік мемлекеттік органдардан ақпарат алу;</p> <p>2) өзіне қатысты тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіліп жатқан тұлғаның тұратын жерін анықтау;</p> <p>3 ) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың зертханалық зерттеулерінің нәтижелерін алу қажет болған жағдайларда бір рет қана ұзартуды жүзеге асыруы</p>	Өрескел
21	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімдері ұзартылған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып және тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күнін және ұзартудың себебін көрсете отырып, тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу</p>	Елеулі
22	<p>Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын табыс ету</p>	Өрескел
	<p>Өнімнің үлгілерін іріктеу актісімен расталған өнімдердің үлгілерін іріктеуді бақылау және</p>	

23	қадағалау органының лауазымды адамының тексерілетін субъекті басшысының немесе өкілінің және тексерілетін субъектінің уәкілетті адамының қатысуымен жүргізуі	Өрескел
24	<p>Өнімдердің үлгілерін іріктеу актісінде жасалу орнын және күнін, өнім үлгілерін іріктеуді жүзеге асыруда негізге алынатын бақылау және қадағалау органы басшысы шешімінің нөмірін және күнін, өнім үлгілерін іріктеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың лауазымын, тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), өнім үлгілерін іріктеу жүргізілетін тексерілетін субъектінің атауын және тұрған жерін, тексерілетін субъектінің уәкілетті адамының лауазымын және тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), өндірушіні, өндірілген күнін, партияның сериясын (нөмірін), үлгілердің жалпы құнын көрсете отырып, іріктеп алынған өнім үлгілерінің тізбесін және санын, буып-түю түрін және мөрдің (пломбаның) нөмірін көрсету</p>	Елеулі
	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізу кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) осы бақылау және қадағалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген, сондай-ақ егер мұндай талаптар мемлекеттік органның атынан осы лауазымды адамдар әрекет ететін мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, талаптардың орындалуын тексеруге;</li> <li>2) егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеп қарау сынамалары тексеру объектілері</li> </ol>	

